



# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Аудан жаңалықтары



### Теміржол вокзалы жөнделеді

Былтыр еліміздегі экономикалық даму мен қалыптасқан саяси тұрақтылықтың арқасында аудан үшін ірі сөрлінді жобалардың жүзеге асуымен табысты жыл болып, толайым тірліктер атқарылды. Қазір ауданда қарқын алған жұмыстар қатарында ауылдардағы ауыссу жүйесін кеңейту, жол құрылысы, көпірлерді жөндеу, Жалағаш кентіне жақын ауылдарды газдандыру, жарықтандыру бар.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов ауданға қарасты барлық елді мекеннің тыныс-тіршілігімен жеке танысып, тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселені тыңдап, оның оң шешілуіне жұмыс жүргізуде. Соңғы бір жылда елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға ден қойып, көркейту-абаттандыру жұмыстары атқарылды. Сондай-ақ аудандағы маңызды нысандардың сапасына ерекше мән беріліп, бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табуда.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентінде орналасқан теміржол вокзалының бүгінгі жай-күйімен танысты. Жалағаш ауданының теміржол вокзалының құрылыс жұмыстары 2011 жылы жүргізіліп, 2013 жылы пайдалануға берілген. Жалпы құту залының сыйымдылығы қазіргі уақытта 50 адамға жетеді. Вокзалда 8 қызметкер және 2 кассир жұмыс істейді. Нысан мүгедектерге арналған пандуспен және көру мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тактильді белгілермен жабдықталған.

Алайда бүгінде теміржол вокзалы күрделі жөндеуді қажет етіп тұр. Осы орайда аудан әкімі теміржол вокзалының ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарын бастау үшін тиісті тапсырмаларды беріп, ауданның айнаса саналатын нысанның кескін-келбеті талапқа сай болу қажеттігін қатаң ескертті. Қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстарына арналған жоба-сметалық құжаттама әзірленген. Онда жылу жүйесін электрлі жылуға ауыстыру, су және көріз жүйесімен қамтамасыз ету, ғимарат ішіне әжетхана орнату, ғимараттың алдың перрон үстін абаттандыру және жарықтандыру жұмыстары қарастырылған.

Айта кетейік, бүгінде аудан аумағынан 47 шақырым теміржол өтеді. Теміржол бойында 3 станция және 3 разъезд орналасқан. Жалпы Жалағаш станциясынан 6 пойыз өтеді. Еске салайық, былтыр Жалағаш кентінен теміржол арқылы жауау жүргізушілерге арналған аспалы көпір құрылысы аяқталып, ел игілігіне табысталған болатын.

Мерей СЕКСЕНБАЙ,  
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 4-курс студенті



### Аққырда құрылыс қарқынды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Аққыр ауылында басталған құрылыс жұмыстарының жай-күйімен танысып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Айта кетейік, биыл Аққырда 5 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары басталды.

– Мемлекет басшысының, Үкіметтің, облыс әкімінің қолдауымен елді мекендерде маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып келеді. Өздеріңіз көріп отырғандай, бірлігі жарасқан киелі Аққыр өңірінде де бірқатар ішкі көшеге күрделі жөндеу құрылысы басталды. Ауылда осы секілді маңызды жобаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыруды көздеп отырмыз, – деді аудан әкімі.

Мұнан бөлек Ардақ Әбдіғалпұрлы құрылысы жүріп жатқан спорт нысанының жұмысымен танысты. Былтыр облыс әкімінің қолдауымен ауыл жастарын спортпен шұғылданауға жағдай жасау үшін «Қазақстан халқына» қоры арқылы Аққыр елді мекенінде жалпы құны 175 млн теңге болатын спорт көшенің құрылысы басталған. Қазіргі таңда аталған нысанның құрылысы аяқталуға жақын. Бүгінде ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Ауылдың тыныс-тіршілігімен танысқан аудан басшысы құрылыс жұмыстарының сапалы орындалуы, елді мекенді аяқсумен қамтамасыз ету, су көздерін аршу, көркейту-көгалдандыру секілді жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

Гүлсезім АУҒАН,  
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 4-курс студенті

## Егінжай – 2025



Жалағаш пен Қызылорданы жалғайтын жолды бойлап келеміз. Кенттен шыққанымыз сол еді, сол жақ беттегі егіс алқабын шаңға боратып жүрген қос трактор көзге түсті. Бұл кент іргесіндегі Ақсуға қарасты «Сәрке батыр» ЖШС-ның егіс алқабы екен. Төраға Қанат Демесінов те қызу жұмыстың басы-қасында жүр. Қанша дегенмен салада жиган тәжірибесі мол, түйгенін дала дарабоздарымен бөлісіп, ақыл-кеңесін айтуда. Әдеттегідей шаруашылықтың бүгінгі тынысын тарқату үшін алдымен Қанекенді әңгімеге тарттық...

## Егіс басындағы қызу еңбек

Шаруашылық биыл акегісті наурыздың ортасында қорытындылаған. Қазір мұнда күріш алқаптарын дән себуге дейін дайындап, қос механизатор жерді сүдігерлесе, ары атызда тағы бір техника тегістел келеді.

Майталман механизатор Тұрар Алатаев күріш егілмей тұрып жердің 5-6 рет өңделетінін айтты. Бірінші сүдігер қамыстарды шығарып, кептіруге арналады. Мұнан кейін атыз тырмаланып, арамшөл тамырлары жиекке шығарылып өртеледі. Мұнан кейін әлгі егісті қайта сүдігерден өтеді, содан кейін алқап тырмаланып, алдымен тыңайтқыш беріледі. Содан кейін барып дән себіледі екен.

– Жылдың қай мезгілінде де дала дарабоздарына тыным болған ба, бірақ біздің жұмыс әсіресе көктем мен күзде қызады. Көктемде акегісін бар,

жалпы егістікті жұрту жұмыстары тағы бар. Сыртынан қараған адамға күріш егу тек жер жұртып, дән тастап, оны суға бастырып, күзде жинап алумен шектелетін сияқты. Асылы, мүлде олай емес. Қарапайым тілмен айтсақ, дән себілімін дегенше егіс алқабы бірнеше өңдеуден өтеді. Қазір соның алғашқы жұмыстарын бастап кеттік, анау атыз ортасында шығып жатқан қамыстарды көріп отырсыз, соның барлығы ертең тырмаланып, жиекке шығарылады. Мұнан кейін де егіс алқабы бірнеше өңдеуден өтеді. Мұның бәрі – мол әрі сапалы өнім алудың қамы. Ертең күзде комбайнға отырамыз, жаз бойы атқарған жұмысымыз да сол тұста қорытындыланады, – дейді Тұрар Алатаев.

Қанат Демесіновтің өз ісіне адалдығы, жалпы тәжірибелі һәм жауапты маман екені көрініп-ақ тұр. Бүкіл

жұмыстың жүйелі жүруінде оның қолтаңбасы бар десек, артық айтқанымыз болмас. Егіс басындағы еңбеккерлерге бағдаршам болумен қатар олардың бар жағдайын жасап отыр. Тіпті алдын ойлайтын адам екен, бүгінгі жұмысын күрішке берілетін тыңайтқыштарды алумен басталтып. Қазірдің өзінде тыңайтқышқа тапсырыс беріп қойған.

Былтыр серіктестік 950 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен, сұрпын сұрасаңыз, «Лидер» мен «Маршал».

Күріштің бұл сұрпы салмақты болғандықтан нарықта да өтімді көрінеді. Ал толық пісіп-жетілу уақыты – 100-110 күн. Ерте көктемнен шаруашылықта 950 гектар күріштің күтіміне 20 диқан жауапкершілікпен жұмыс жасаған. Нәтиже де жаман емес, былтыр күзгі науқанда оның әр гектарынан 55 центнер орташа өнім жиды.

Қанекеннің сөзінше, биыл да осы меже сақталып отыр. Шаруашылықта егістік жер жетеді, бірақ бұл жұмыс егісті өртараптандыруға басымдық берген. Бұл бір жағынан сапалы өнім алуға және суды үнемдеуге үлкен сеп болып отыр.

Жалпы «Сәрке батыр» ЖШС – ауданда егінді өртараптандыруға ерекше мән берген шаруашылық құрылымдарының бірі. Былтыр да ротация тәртібін сақтаған серіктестік күріштен бөлек 440 гектар жоңышқа, 70 гектар бидай және 50 гектар мақсары екен. Жоңышқаны үш орып, бидай мен мақсарыдан да мол өнім алды. Мәселен, бидайдың әр гектарынан 9 центнерден өнім жиды.

Жалғасы 3-бетте

## Еңбек адамы



## Механизатор Ерлан

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам кәсіби маманның қадірін білуі керек екенін, еңбекқор адам мемлекетті дамытатынын баса айттып жүр. «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Қандай кәсіпке айналысқан да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қырсырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз» деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде аудан төңірегіндегі алқаптарда жаракты техникалар дала жұмыстарына қызу кіріскен. Біз де ондағы еңбек адамдарымен тілдесіп, шаруашылықтардың бүгінгі тынысымен танысу мақсатында егіс даласына атбасын бұрдық. Қара жолда шаңғы бұрқыратып, даланы дүбірге толтырған механизаторларға жақындап келеміз. Жерді сүдігерлеген үлкен техника атыз жанына аялдады. Алып техниканы тізіндеген майталман механизатор Ерлан Аппазов ағамыз екен. Амандық-саулық сұрасып, әңгімеге тарта жөнелдік.

– Жер жібісе, біз де демалатын уақыт жоқ. Көктем келсе, қызу жұмыс та қатар басталады. Қыс бойы жарақтаған техниканы тізіндеп, алқапты егінге дайындаймыз. Жалпы жыл он екі ай екі қолға бір күрек табылады. Егістікті қоректендіру, ылғалды сақтау, тыңайтқыш салу, жер жұрту, астық жинау секілді шаруаның бәрін уақытылы жасау қажет. Қазір жалпы 350-400 гектар жерді жұртып, егінге дайындауымыз керек. Әрқайсысымыз күніне 7-8 гектар жер жұртамыз, – дейді ол.

Ерекеңе әрбір жұмыс күні мереке сияқты. Бала күнінен ауылдық жерде өскен ол алқаптарға барып, комбайндардың жүрісіне қызыға қарайтынын айтады. Болашақ мамандығына қызығушылық сол кезде басталған. Жастайынан техниканың тілін біліп,

еңбекке араласып, механизатор ісінің қырсырын біліп өскен. Оның «Сәрке батыр» шаруа қожалығында адал еңбек етіп келе жатқанына 4 жыл болыпты. Ол еңбекқорлық, ұқыптылық, сеніп тапсырылған техниканы күтіп ұстау секілді қасиеттерінің арқасында жұмыс өнімділігін арттырып, талай мәрте сыйақыға да ие болған.

– Техниканы ақ көйлек киіп, галстук тағып, тізіндеуге де болады. Бұрынғыдай шаң жоқ. Өйткені шаруа қожалықтың техникалық базасы заманауи көліктермен толыққан. Бастысы, жұмысыңды жақсы көрсен, қиындықтар байқалмайды, сондықтан болар, өзіміз басқа салада елестете алмаймыз, – дейді еңбек адамы.

Майталман механизатор тұқым себуге дейін егістік 5-6 мәрте өңдеуден өтетінін айтады. Алдымен алқапқа «Фосфор» себіледі, содан кейін барып соқа түседі. Соның «Лазермен» тегістеліп, бетіне тағы тыңайтқыш себіледі. Одан кейін егістік топырағын арнайы техникамен араластырады. Сонан соң тұқым себіліп, артынан күріш суға бастырылады.

Дала дарабоздарының осындай мәліметіне қаныққан біз дастарқандағы нанның жалпы берекенің тек еңбекпен келетінін түсіне қойдық.

Жандос ЖАЗКЕН

# 2 ҚҰҚЫҚ

Талап

## Заң және тәртіп – мемлекет тұрақтылығы мен дамуының кепілі



Қоғамдағы заң мен тәртіптің сақталуы – кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуінің басты көрсеткіші. Заңның үстемдігі орнаған елде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалып, әділдік пен теңдік принциптері сақталады. Қазақстанда құқықтық мемлекетті қалыптастыру мақсатында ауқымды реформалар жүргізіліп, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралар қолға алынууда. Бұл реформалар азаматтардың құқықтарын қорғауға, қылмыстың алдын алуға, құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыруға және қоғамдағы әділеттілікті орнатуға бағытталған.

### Заң үстемдігі – әділетті қоғамның негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясында еліміз құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде сипатталады. Бұл қағидат мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасының негізін айқындайды. Құқықтық мемлекет – заң алдында барлығы тең болатын және әрбір азаматтың құқығы қорғалатын ел. Сондықтан заң үстемдігін қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің саяси бағдарламасында «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын ұстанып, әділетті қоғам қалыптастыру жолында заң үстемдігін нығайтуға баса назар аударып келеді. Сондай-ақ сот және құқық қорғау жүйелерін реформалау қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Заңның үстемдігі тек мемлекеттің органдардың қызметін реттеуші құрал ғана емес, ол азаматтардың күнделікті өмірінде де басты қағидатқа айналуы тиіс. Яғни әрбір азамат заңды сақтауға және өз құқығын білуге міндетті.

### Құқық қорғау жүйесіндегі реформалар

Қазақстанда соңғы жылдары құқық қорғау жүйесін жетілдіруге бағыт-

талған бірқатар маңызды реформа жүзеге асырылды. 2021 жылы елімізде құқық қорғау және сот жүйесін реформалау жөніндегі ұлттық жоба қабылданды. Бұл бастама құқық қорғау органдарының тиімділігін арттырып, азаматтардың оларға деген сенімін күшейтуге бағытталған.

Құқық қорғау саласындағы негізгі реформалардың бірі – полиция қызметін жаңғырту. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев полиция қызметін жаңғырту қажеттігін ерекше атап өтті. Осы мақсатта «Сервистік полиция» концепциясы енгізіліп, тәртіп сақшыларының кәсіби деңгейін көтеруге басымдық берілді. Сондай-ақ үшкөлік полиция қызметкерлерінің рөлін күшейту, құқық бұзушылықтың алдын алу және халықпен тығыз байланыс орнату жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде полиция қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Жедел басқару орталықтары» құрылып, бейнебақылау жүйесі кеңейтілуде. Бұл қадам қылмыстың алдын алуға және құқық бұзушылықтың азаюына ықпал етуде.

### Жалағашта 77 бейнебақылау камерасы іске қосылды

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында бүгінде ауданда, яғни көп және ауылдық округтерде бейнебақылау камералары жұмыс

істеп тұр. Жалпы көпте қазіргі уақытта 71 көшеде 1205 жол белгісі орнатылған. Жол белгілерін күтіп ұстау, тозғанын жаңалау, бағаналарын сырлау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Ал жол жүрісін реттеу үшін 4 көше қиылысына бағдарламалар орнатылған. Мұнан бөлек Жалағаш аудандық полиция бөлімшесінде жедел басқару орталығы өз жұмысын бастады.

Ауданда 1400 бейнебақылау камерасы, 19 интеллектуалды қиылыс пен 58 жылдамдық өлшегіш орнатылып, жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылуда. Сонымен қатар аудан орталығына қосымша 77 бейнебақылау және 7 жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін автоматты түрде анықтайтын жылдамдық өлшеу камерасы орнатылды.

Нұрмағанбет ОРАЗ



Тәртіп

## Жасөспірімдер қылмысы азаймай тұр

Елімізде жасөспірімдер қылмысы жылдан-жылға көбеймесе, азайған жоқ. Соңғы тіркелген оқиғалар тіпті жаға ұстатарлық. Әсіресе түнгі уақытта жасөспірімдер топтасып төбелесіп, бұзақылыққа баруда. Тіпті салдарынан адам өлімі де орын алуда. Сондықтан жауапты мамандар жасөспірімдердің тәрбиесіне көңіл бөліп, алдын алу шараларын үздіксіз жүргізуді қолға алған.



Фото: ашық дереккөз

### 296 әкімшілік хаттама рәсімделді

Осы орайда облыста «Көктемгі демалыс» жедел профилактикалық шарасы өтті. Шараның негізгі мақсаты – облыс көлемінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету. Сондай-ақ көшелерде, басқада қоғамдық орындарда кемелетке толмағандардың арасында және оларға қарсы жасалатын қылмыстарды, оның ішінде бұзақылықты болдырмау. Тәртіп бұзушылықты болдырмау мақсатында арнайы рейдтік жұмыстар жүргізілген.

Облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының мәліметінше, іс-шара барысында қалалық полиция басқармасы мен барлық аудандық полиция бөлімдерінің қызметкерлері жастар ресурстық орталық екілдері, педагогикалық ұжымды тарта отырып, балалардың қадағалаусыз және панаусыз қалуының алдын алу, кемелетке толмағандарды түнгі уақытта ойын-сауық орындарында және үй-жайдан тыс жүргендерін анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырған. Іс-шараның қорытындысымен барлығы 296 түрлі әкімшілік хаттама рәсімделсе, 11 кемелетке толмаған ішкі істер органдарының есебіне алынды.

Түнгі уақытта заңды екілдері еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болған барлығы 235 кемелетке толмаған анықталып, олардың заңды екілдеріне хаттама толтырылды. Ішкі істер органдарының есебіне барлығы 11 жасөспірім алынып, ал кемелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және

бағып-қуту жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кемелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды екілдерінің профилактикалық есебіне 13 ата-ана тіркелген.

### Ауданда ахуал тұрақты

Жалағаш ауданында жасөспірімдер арасындағы қылмысты төмендету мақсатында алдын алу шаралары үздіксіз жүруде. Мәселен, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің қатысуымен профилактикалық жұмыстар аясында түнгі рейд өтуде. Іс-шараға аудан әкімдігі, аудандық прокуратура, жастар ресурстық орталығы, полиция бөлімі, аудандық білім бөлімі, ерікті жастар бөлесі қатысуда. Рейд барысында жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, сондай-ақ заңсыз ерекеттердің алдын алу бойынша арнайы шаралар қабылданды. Сондай-ақ көптегі халық көп шоғырланатын орындар мен ойын-сауық орталықтарында нысан иесі мен тұрғындарға заң талаптары түсіндірілді.

Түнгі рейдтердің ұйымдастырылуы қоғамдағы тәртіпті нығайтуға ықпал етері және құқық бұзушылықтың алдын алуға себебі тиері анық. Алдағы уақытта да осындай рейдтер жиі өткізіліп, құқық бұзушылықты болдырмауға бағытталған шаралар жалғасын таба- тын болады.

– Бүгін түнгі рейдке шықтым. Өйткені елде жасөспірімдер арасында қылмыс өрлеуі тұр. Жалпы қылмыстың өршуіне әлеуметтік те, психологиялық та факторлар әсер етеді. Ата-аналардың кейбірі «баланың киім-кешегі» тамағын тауып бердім, тәрбиесімен мектеп айналысымын» деген ұстанымда. Осылайша бала тәрбиесін мұғалімдердің жауапкершілігіне артады. Әрине, көз келген білім ошағында психолог мамандар жұмыс істейді. Бірақ мына фактіні ескеруіміз керек. Иә, тәуелсіздік алған жылдары балаларын асыраймын деп күнкөрістің қамымын тәрбие жағы ақсап жатты. Менің ойымша, сол уақытта жасалған бұл қателік бүгінгі күннің жемісі сияқты. Балалар арасында қылмыстың көбеюі, кейбірінің қатыгез болып кетуінің бір себебі осы болса керек. Жалпы жазса қолданғаннан ал-

дын алған абзалырақ. Осы орайда мектеп ұжымы оқушыларға түзу жолды көрсету мақсатында түрлі танымдық, рухани, тәрбиелік шараларды жиі ұйымдастырамыз. Мәселен, «Қазақ ба- тырларының ерлігі», «Бауыржан Мо- мышұлының естеліктері» секілді та- қырыптарда тәрбие сағатын өткіземіз. Мақсатымыз – елге елеулі тұлғалардың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау, оқушыларды шығар- машылыққа, баулу, елің, қорғауға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, – дейді аудандағы №31 мектеп-гимназиясы ди- ректорының тәрбие ісі жөніндегі орын- басары Бахтияр Мұратбек.

Айта кетейік, аудандағы ахуал тұрақты. АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция қызметкерінің айтуынша, былтыр жас- өспірімдер арасында 222 тәртіп бұ- зушылық орын алған. Облыс орталы- ғындағы бейімдеу орталығына 4 жасөспірім орналастырылған. Көме- летке толмағандармен және оларға қарсы жасалатын құқық бұзушылық- тардың алдын алу бағытындағы жұмыс- тар жалғасуда.

Жандос ЖАЗКЕН

### Сақтансаң, сақтайды



## Тұрғын үйдегі қауіпсіздік

Тұрғын үйлердегі және пәтерлердегі өрт оқиғалары көбінесе сол үйлерде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады. Сұрапыл апатты құбылыс жылдар бойы жиылған мүлкіт аяусыз жойып, адамдарға қайғы-қасірет әкеледі. Көбінесе оттың құрбаны болғандар өрте өздері, олардың көршілері, балалары себепші болып жатады.

Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептер тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде, пештердің дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, мас күйінде шылым тарту болып жатады. Сонымен қатар электр өткізгіштерін дұрыс жүргізбеу де өрте басты себеп болып отыр.

Егер үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе, тез арада электр маманын шақырыңыз. Өрті болдырмау үшін қауіпсіздік ережелерін сақтаған жөн. Электр және газ құралдарын қосылу қалдырмаңыз, сондай-ақ оған балаларды жақындатпаңыз. Уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбаңыз. Электр есептегіштердегі электр сақтандырыштар зауыттан дайындалған болуы тиіс. Үлкен көлемдегі электр құралдарын бір уақытта қосып, электр жүйесіне күш түсірмеңіз.

Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолданбаңыз. Сіркінен балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Белмені жылытуға бейберекет қолдан жасалған электр жылытқыш құралдарын қолданбаңыз. Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз. Өрт және жану оқиғасы орын алса, 101, 112 нөмірлеріне хабарласыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау арқылы өзіңізді және жақындарыңызды, үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайсыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

### Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстың «Сыр бойы», «Қызылординские вести» және Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінде шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 23727 дана. Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 6181 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің ауысуы@yandex.kz, kzonda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептенде): 1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге. Stories – 10000 теңге. TikTok: Video – 15000 теңге. Stories – 10000 теңге. Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 2850 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhalagash-zharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептенде): 1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі

мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге. Stories – 8000 теңге. TikTok: Video – 10000 теңге. Stories – 8000 теңге. Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелік күндерден басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

### Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге. Stories – 10000 теңге. TikTok: Video – 15000 теңге. Stories – 10000 теңге. Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелік күндерден басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10/1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

### «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5 бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 3 сәуірдегі шешімімен 2025 жылғы 27 сәуірге тағайындалған сайлауда Қаракеткен ауылдық округі әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

1. Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлы – 1993 жылы туған қазақ, «Жалағаш ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімі» КММ, бас инспектор, Жалағаш кентінде тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

2. Ерсултанов Ақтан Еңбекұлы – 1992 жылы туған қазақ, «Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Мәдениет ауылында тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

3. Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы – 1978 жылы туған қазақ, «Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, өкім, Қаракеткен ауылында тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, «Аманат» партиясының филиалы ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Е.Әуелбеков – 95 жыл

# Қайраткермен кездесу

Адам өз өмірінде ондаған ауыл мен қалада болып, жүздеген көшемен жүріп өтеді екен. Сонда ол көп ретте көше ерекшеліктерін, тіпті қай ауылда, қай қалада, қай көшеде болғанын да уақыт өте ұмытады, кейде оны еске сақтауды қажет деп таппайды. Бірақ ол бір нәрсені жадында сақтап қалатыны анық. Ол – көшелердің ешқашан бір-біріне мүлде ұқсамайтындығы, бірін-бірі мүлде қайталамайтындығы.

Көше – өмір ағысы. Сол сияқты, қанша адам болса да, көше тәрізді бір-біріне мүлдем ұқсамайтындығына ешкім де пәлендей дау айта қоймайды. Көшенің де түзуі бар, бұралаңы бар. Адам өмірі де дәл солай. 1986 жылдың наурыз айы менің өмірімде бұралаңның басталған кезі еді.

1985 жылдың тамыз айында Қонысбек Төрешұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін орнына Оңалбек Сәпиев отырды. Бұл азаматты облыстың белгілі активтерінің бірі ретінде бұрыннан білетінмін. Сәлеміміз де дұрыс болатын. От жалыны аузында, тез қимылдайды екен. Қанша айтқанмен аудан басқару оңай емес. Оның үстіне бұған дейін аты Қазақстанға мәлім болған Қазан-таевтай хатшы басқарған, оның ар жағында Сұлтан Аманов, Социалистік Еңбек Ері Исатая Әбдікерімов сынды қазақтың дығал азаматтары басқарған ауданды игеріп кету де оңайға соқпайтыны белгілі ғой. Ауыс-күйіс басталды да, мен басқа жаққа ауыстым. Ол кезде мен аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болатынмын.

Ештеңеге алаңдамастан мамандығым бойынша №15 кәсіптік-техникалық училищеге барып, математикадан сабақ беріп, ұжымның алдында тұрған мәселелерін шешуге бірден араласып кеттім. Мұнда жүзге жуық адам жұмыс істейді екен. Оның ішінде бұрын қызметтес болған Темірхан Бекжанов, Сансыбай Доспалов сияқты ауданға белгілі азаматтар еңбек етіп жүр. Көп ұзамай қатармызға елгіңдей науқанға ұшырап, «Жаңадария» газетінің редакторлық қызметінен босаған Зордан Салықбаев қосылды.

Бұл ұжымда да үйренері бар азаматтармен кездестім. Олардың ішінде Болтай Тасыбаев ағамыздың орны бөлек еді. Бұрын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, кейін осы училищеге директор болды, мен барған кезде зейнеткерлікке шығып, «Қоғамтану» пәнінен сабақ беріп жүрген кезі екен.

Ағамыз әлі қуатты, өткен өмірінен үңгім тастаса, бәріміз қоршап алып, ұйып тұндайтынбыз. Бір күні өңгіме барысында: – Байқаймын, саған осы оқытушылық жұмыс ауқымы аздық ететін сияқты, – демесі бар ма.

Ойланып қалдым. Ештеңе айта алмадым. Аздық жасап жүргені рас, дегенмен кім жұмыс бере қояды?

Содан бір сәтті күні арнайы Қызылордаға барып Қоңекен, Қазантевқа сәлем бердім. Өңгіме арасында жауапты жұмыс істемін келетінін тілге тиек еттім. Оның үстіне ол кезде ауданда бірінші хатшы езінің туған күйеу баласы Биғали Қаюлов жолдас еді. Ойымды толық түсінген Қоңекен: – Айттып отырғаныңның бәрі жөн. Басшылар қандай жұмыс берсе де оны істеу қолыңнан келеді. Менің ойым қалай болғанда да облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының қабылдауына жазып бар жағдайыңды жеткізіп айт. Сол кісінің бір ауыз сөзі ғой, – деп ақыл берді.

Ол кезде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Әуелбеков болатын. Содан облыстық партия комитетіне барғанымда Еркін Нұржанұлының жақында Жалағаш ауданына барып, сайлаушылармен кездесетінін білдім.

Маған осы сәтте сол кездесу жынында әсілесем деген ой келді. Ауылға келген бойда сөйлейтін сөзімді алдын ала жазып, дайындық жұмысына кірісіп кеттім. Осы сөйлейтін сөзім менің келешегіме жол ашатындай дәрежеде болуы керек деген мақсат болды.

Ол кезде жауапты қызметке көтеретін кадрға бірінші кезекте орыс тілін білетіндігіне ерекше мән бе-



рлетін. Қанша білімің болса да орыс тілін меңгермеген адамның жоғарылап өсуіне даңғыл жол жоқ еді. Осы талапты басшылыққа алған мен сөйлейтін сөзімді орыс тілінде дайындадым. Ондағы мақсатым облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлына өзімнің орыс тілінде сөйлей де, жаза да білетінімді көрсету еді.

1989 жылы қаңтар айының басында аудандық мәдениет үйінде СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Еркін Әуелбеков пен сайлаушылардың кездесуі болды. Мәдениет үйі лық толы халық. Өзім бірінші қатарға отырғанмын. Үйден шығарда әйелім Ауагүл Махамбетоваға «сен де кездесу жиналысына қатыс, мен қалай болғанда да сөйлеймін, сөйлеген кезімде Е.Әуелбеков оны қандай тұрғыда қабылдайды, соны аңғарып отырарсың» деп айттып қойғанмын.

Сонымен жиналыс басталды. Президентіміз сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Биғали Қаюлов және басқа жолдастар отырды. Жиналысты аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Балғабай Иманов жолдас жүргізе бастады. Қолында қағазы, алдын ала дайындаған адамдарына біртіндеп сөз беріп жатыр. Сөйлейтін нышан білдіріп, қолымды көтерсем, төраға мейігінің астында отырған мені көрседі де көрмегенсіп, сөз берер түрі жоқ. Сірә «сөз берсем бірденің айттып бұлдірер» деп қауіптенетін болуы керек. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, жиналыс басқарушысының сөз бермейтініне анық көзім жеткен соң кезекші сөйлеушінің бірі мінберден түсуге бет алғанда мен де дереу орнымнан тұрып, рұқсатсыз мінберге көтеріліп сөйлей бастадым.

Аса қымбатты сайлаушы Жолдастар! Бүгін біз осы жылдың 26 наурыз күні өтетін Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Кеңесіне №144 сайлау округі бойынша депутаттыққа сайланатын үміткер, облыстық партия Комитетінің бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков жолдаспен кездесіп отырмыз. Құрметті Еркін Нұржанұлы Сізді халық жақсы біледі. Сіз 25 жасыңызда тың игеру кезіндегі тыңдағы «Марьевский» совхозына директор, 34 жасыңызда Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 35 жасыңызда Астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі, 37 жасыңызда Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып абыройлы еңбек етіп, 43 жасыңызда Социалистік Еңбек Ері атағын алдыңыз.

Қызылорда облысына бірінші хатшы болып келгеннен бері облыстың экономикасы мен мәдениетін көтеру, ол үшін өнеркәсіпті өркендеу мен ауыл шаруашылығын дамыту,

халық шаруашылығының басқа да салаларын уақыт талабына сай жүргізумен қатар, бұрын айтылмаған ауқымды мәселелердің іске асырылуына бастамашы болып отырғаныңыз баршаға аян.

Алғыс сөзімді қайраткердің өнегелі өмір жолымен бастайтындай жөнім бар. Расында ол елдің дамуына саналы ғұмырын сарп еткен адам еді. Арал теңізінің тартылуы адамзат баласына зиян екенін айттып, бұл мәселені де бірінші болып көтергендердің бірі Еркін Әуелбеков еді.

Облыстың үшінші категориядан екінші категорияға көтерді. Арал өңірін апат аймағы етіп жариялауды заңдастырып, облыс еңбекшілерінің еңбек ақысына 30-50 пайыз аралығында өтемақы алуына себепші болды. Мұның септігі өршілес Ақтөбе облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарына да тиді.

Бұрын облыста қолданылмай жүрген шөлейттік коэффициенті енгізген де Еркін Әуелбеков болатын. Шөлді ауданынан уран, Жаңақорған ауданынан полиметал кеніштерінің ашылуына да себепкер болды. Кейін «Байқоңыр» гарыш айлағы әскери басшыларының Сырдария өзеніне өнеркәсіптің лас суын ағызуын тоқтатты. Сонымен қатар «Күмкөл» мұнай кеніші де атпал азаматтың іскерлігінің арқасында жүзеге асқанына халық қуа.

Оның облысты мұнайлы өлкеге айналдыру үшін Жезқазған облысынан 25 жылға жалға жер алуының езі нағыз өрлік. Мұнайшылардың бағына мәселесін шешу үшін 1987-1990 жылдары аралығында 42 мың шаршы метр тұрғын үй, 280 орындық балабақша салуды көздеді және оны жоспарлы әрі сәтті іске асырғаны баршаға аян.

Облыс орталығынан облыстық медициналық орталық ғимараты мен диагностикалық орталық құрылысының басталуы да Еркін Нұржанұлының еңбегі еді. Оның тұсында аймақ экономикасы мен мәдениетін өркендету бағытында қыруар жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асты.

Алғаш рет облыста қыршақ тас өндіру жұмысы қолға алынып, қарқынды дамуында да Еркін Әуелбековтің қолтаңбасы барын көпшілік біле бермейді. «Рисмаш» зауыты, Қызылорда вагон жөндеу зауыты, «Смсер» тігін фабрикасын іске қосуға да атпал азамат көп еңбек сіңірді.

Еркін Әуелбековтың ауыл шаруашылығы бағытында серпінді жұмыс жүруіне де қажырлы еңбек еткенін айта кету керек. Мәселен, бұрын күріш жинау науқаны кезінде көмекке шыртан студенттер шақырылып, көрші облыстан астық тасуға көмекке жүк машиналары алынатын. Еркін Нұржанұлы облысқа басшы болып келгеннен кейін мұндай көмекке тоқтам болды.

Облыс шаруашылықтарына одақтан «Камаз» жүк көлігі алынып, оларды егін жинау кезінде тіркемелерімен пайдаланудың нәтижесінде егін жинау науқанын қысқа мерзімде аяқтауға қол жеткізілді. Сол тұста «Қызылорда-Москва» және «Қызылорда-Шевченко» әуе рейсін ашу облыс халқы үшін жақсы жанадық болды.

Жалпы Еркін Әуелбековтың елдің аймақтың дамуына қосқан үлесін айтып та, жазып та тауысу мүмкін емес. Сондықтан ойымды түйіндей келе барлық аудан сайлаушыларын сайлау күні одаққа депутаттыққа үміткер Еркін Нұржанұлы Әуелбековке бір кісідей дауыс беруге шақырдым.

Халық сөйлеген сөзімді қалай қабылдады, ол туралы ештеңе айта алмаймын. Әйтеуір ду қол шапалақтағаны есімде. Үйге келгеннен кейін әйеліме: – Ал сен не байқайдың? – деймін.

– Сен мінберге көтеріліп бара жатқанда ол қабағын түйіп, жақтырмаған сыңай берді. Содан соң сөзіңнің негізі өзіне бағытталғанын ести бастаған ол күлімсіреп, сен сөйлеп болғанша көзін өзіңнен айырмады. Менің байқағаным, сөйлеген сөзің ол кісіге ұнаған тәрізді, – деді.

Бірақ мен бұл сөздерді оған жағыну үшін емес, ел ішінде атқарған еңбегіне деген құрметпен айтқан едім. Расында оның халқына сіңірген еңбегі аз болса, жергілікті жұрт сонында ұзақ уақыт қошемет көрсетпес еді.

Мұнан кейін Еркін Әуелбековтың атына өзімді қабылдау жөнінде өтініш жазып жібердім. Арада бір айға жетпей, ақпан айының ішінде аудандық партия комитетінен «түскі екіде келіңіз, сізді Еркін Нұржанұлы Әуелбеков қабылдайды» деген хабар келді.

Айтқан уақытында бардым. Мені Еркін Нұржанұлы бірінші хатшының кабинетінде Биғали Қаюлов және екінші хатшы Дариха Ақмағанбетованың қатысуымен қабылдады. Хатшыға ойымды ашық айттым.

– Еркін Нұржанұлы, айыпқа бұйырмаңыз, мына отырған Биғали Қаюлов пен Дариха Ақмағанбетова жолдастардың екеуі де аралдық, мен де негізі Аралданмын, бұл екі басшы маған жауапты қызмет бермейді, «жерлесің көмектесіп жатыр» деген сөзден қашады, – дедім.

Менің өтінішімді тыңдап болған ол:

– Жолдас Биғали Қаюлуы, Шыңғыс Айбосыновқа қандай жұмыс берсең де мен қолдаймын, – деді.

Шамасы менің қызметтен бейбұйне ығыстырылғаным көзі жеткен болуы керек. Қазақтың белгілі азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков пен бірінші және соңғы рет кездесуім осылай басталып, осылай аяқталған еді.

Басшының бірауыз сөзі іске асып, 1989 жылы наурыз айында Жалағаш кентінің кеңес атқару комитеті төрағасы болып сайландым. Бұл қызметте 1998 жылы 1 қаңтарға дейін болдым.

Өткен шақ тарих қой, содан бері 36 жыл өте шығыпты. Зымырал бара жатқан уақыт деген осы болар.

Академик Әлкей Марғұлан «білетін болғанын айтпаймын ғой» дейді екен. Сол сияқты, мен де жақсы адамнан көрген жақсылығымды бүгінгі ұрпаққа жеткізуді парызым деп санадым. Еркін Нұржанұлы өз ұлтының арыстандай айбатты, айтулы қайталанбас қайсар тұлғасы еді. Оның өмір жолы – ұрпаққа өнеге, себебі қайраткер – қазақ халқының мақтанышы.

Атам қазаққа «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деген ескіден келе жатқан мәтел бар. Қазір секундына пәлен шақырымды бағындыратын ұшқыштармен көңілдің, қиялдың жүйріктігін көк дөненмен салыстырудың өзі күлкілі. Бірақ ол – сол кезеңнің жемісі. Бұдан жүз жыл бұрын қазақ даласында көк дөненмен жүйрік не болды?! Әр нәрсенің өз жағдайы, өз кесірі бар. Заманына қарай адамы, әр адам өз халқының бір кішкентай бөлшегіне ұқсас. Біреу оның жақсы жағын, біреу жаман жағын бейнелеуі мүмкін. Менің түсінігімде Көкшетау, Төрағай, Қызылорда облыстарын айырыммен басқарған Социалистік Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков қазақ халқының көң пейілдік, сабыр-салмақтылық, еңбексүйгіштік, көсемдік секілді жақсы қасиеттерін өз кезінде түгел қамтып, елі үшін барлық күш-жігерін жұмсауға іштей серт етіп, іске белін бекем буды және мақсатты еңбек етті.

**Шыңғыс АЙБОСЫНОВ, Қызылорда облысының құрметті ардагері**

## Егіс басындағы қызу еңбек

Жыл сайын шаруашылық бақша салуға ниетті ауылдағы ағайынға жер ашып беретін Мәселен 2023 жылы 8 гектар бақшалық жер дайындаған. Оған Ақсудағы және Жалағаш кентіндегі бірнеше отбасы бақша салып, қыстық азығын қамдап алды. Былтыр да жергілікті халықтан сұраныс болған. Батыр атындағы серіктестік ұжымы елдің талап-тілегін ескеріп, 7 гектар жер дайындаған. Нәтижесінде был да ауылдағы бірнеше отбасы бақша салып, қауын-қарбыз, асқабақ, картоп, сәбіз, қызылша секілді бақша дақылдарын баптап, мол өнім жиды. Қанат Демесінов елдің бақша салуға ынтасын жоғары бағалап отыр. Тіпті был да елдің егін егуіне жағдай жасамақ.

– Бұған қатысты аймақ басшысының тікелей тапсырмасы бар, «егін егемін, бақша саламын» деген халыққа жергілікті шаруашылықтар жер ашып беруі керек. Қазір «бұл үрдіс дәстүрге айналды» десе де болады. Біз жергілікті халықтың сұранысын қанағаттандырдық. Былтыр да бұл мақсатқа 7 гектар жер ашылды. Біз жерді ашып, қоршап, аяқсу жеткізіп береміз. Тек бақша салуға ниетті жұрт өз өнімінің күтіміне жауапты. Тіпті был ашылған жерге бақша салып, одан шыққан өнімді нарыққа шығарғандар да болды. Мәселен, ақсулықтар былтыр баптаған бақшалық өнімдерін, яғни картоп-сәбізін, қауын-қарбызын аудан орталығында өз тұтынушыларына сатылымға шығарды. Халық жалқау емес, ел еңбексүйгіш қой, тек олардың талабына жағдай жасасан жеткілікті. Міне, аймақ басшысының да тапсырмасының түпкі мақсаты осы деп ойлаймын, – дейді Қанат Демесінов.

Иә, еңбегі өселі шаруашылық ұжымының бүгінде шаруасы айтарлықтай шираған. Әлбетте оның түбінде үлкен ізденіс, ауызбіршілік пен еңбек жатқаны айтпаса да түсінікті. 110 адам жұмыс жасайтын шаруашылық құрылымы был да межелі өнімге қол жеткізуді көздеп отыр. Мақсат айқың, іс нәтижелі болса, ол күнге де қуә боларымыз анық.

Иә, қазір дала дараоздарының бос уақыты жоқ, өркәйісісының өзіне артылған міндеті бар, оларда да мақсат бар, сол артылған сенімге сьызат түсіреу. Осындай үндестік болған жерде ғана қызу жұмыс жүреді нем іс те нәтижелі болары анық.

Басы 1-бетте

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Шырақ

### Жаңа ақпараттық технологиялар – сапалы білім кепілі

Қазіргі заманда білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – оқытудың сапасын арттыру және оқушылардың білімін тереңдету үшін маңызды құралдардың бірі. Математика пәні де осы тұрғыда айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырылған. Тарқатып айтсақ, математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, пәнінің күрделі ұғымдарын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Бұл әдіс математикалық білімнің жаңа қырларын ашуда да үлкен маңызға ие. Мәселен, ақпараттық технологиялар бұл пәнді оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді. Мысалы, интерактивті тақталар мен мультимедиялық құралдарды қолдану арқылы мұғалім оқушыларға ұғымдарды көрсету барысында түрлі визуализациялар, анимациялар мен графиктер пайдаланады. Нәтижесінде оқушылар математикалық объектілердің, формулалардың және есептердің мағынасын көрнекі түрде түсінеді. Бұл әдіс математиканың абстрактылығы және күрделі тұстарының нақты әрі түсінікті болуына мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың белсенділігін арттыруда да ерекше маңызға ие. Негіз десеніз, бұл арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады. Себебі ақпараттық технологиялар оқу процесін интерактивті етіп, оқушыларға ең қолайлы әдіс-тәсілмен білім алуға мүмкіндік береді. Мұнда оқушылар арнайы бағдарламалар арқылы тапсырмаларды орындап, нәтижесін бірден көріп, қателігін түзете алады. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік жұмысын ынталандырады және өз білімін бағалауға көмектеседі.

Қазақстан білім беруде де жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың пайдасын зор. Тіпті ақпараттық технологиялардың маңызды артықшылығы да осында. Бүгінде оқу онлайн форматында да жүргізіле берді. Математика пәні бойынша түрлі вебинарлар, бейнемазмұндар мен онлайн дәрістер оқушылардың қолжетімділігін арттырып, кез келген уақытта қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалім оқу материалы мен тапсырмаларды интернет арқылы таратып, оқушылармен байланыс орнатады.

Математикалық модельдер мен есептерді шешуде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие. Олай дейтініміз, ақпараттық технологиялар математика сабағында жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізуге мүмкіндік береді. Модельдер мен күрделі есептерді шешуде арнайы бағдарламалар мен қосымшалар қолданылуда. Мысалы, GeoGebra, Wolfram Alpha сияқты құралдар оқушыларға геометрия, алгебра, математикалық анализ сияқты тақырыптарды тереңірек зерттеуге көмектеседі. Оқушылар бұл бағдарламалар арқылы есепт шығарып, түрлі математикалық модельдер құра алады.

Жалпы білім беруде, оның ішінде математика пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға даңғыл жол ашады. Себебі бұл әдіс дербес оқыту мүмкіндіктеріне қол жеткізуді, оқытудың тиімділігін мен нәтижелілігін анықтауда да таптырмас мүмкіндік.

Айман ШӘКІРАТ, №124 орта мектептің математика пәні мұғалімі

### 2025 жылғы 27 сәуірге тағайындалған Қаракеткен ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскелерінің шекаралары

**№134 сайлау учаскесі.**  
**Орналасқан жері:** Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №114 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Шекарасы:** Қаракеткен ауылы, Ақшал елді мекені.

**№135 сайлау учаскесі.**  
**Орналасқан жері:** Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №115 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Шекарасы:** Далдабай ауылы.

### Границы избирательных участков по выборам акима сельского округа Каракеткен, назначенных на 27 апреля 2025 года

**Избирательный участок №134.**  
**Местонахождение:** сельский округ Каракеткен, село Каракеткен, улица Абая Кунанбаева №26, здание коммунального государственного учреждения "Средняя школа №114" отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области".  
**Границы:** село Каракеткен, населенный пункт Ақшал

**Избирательный участок №135.**  
**Местонахождение:** сельский округ Каракеткен, село Далдабай, улица Далдабая Жалтынова №49, здание коммунального государственного учреждения "Средняя школа №115" отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области".  
**Границы:** село Далдабай.

### 2025 жылы II тоқсанда Жалағаш ауданының әкімдігі «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кент әкімінің және орынбасарының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі	Байланыс телефоны
1	Жамалатов Мардан Сырмағанбетұлы	Жалағаш кентінің әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын	8 (72431)31-5-81
2	Нұрсейітов Талғат Мұратұлы	Жалағаш кенті әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, бейсенбі күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын	8 (72431)31-5-70

### Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Аққыр ауылы	Шығармұров Бауыржан Серікұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 13.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы №1.Ақмыразаев көшесі №40	8(724-31)41-4-44

Сараптама

## Неке бұзу неге белең алуда?

Елімізде ажырасу дерегі көбейді. «Неке бұзуға не себеп?» деген заңды сұрақ туындайды. Психолог мамандардың мәлімдеуінше, ажырасуға көбіне ер азаматтардың жауапсыздығы түрткі болады екен. Ал ерлерді әдетте маскүнемдік пен ойынқұмарлық немесе есірткіге салыну тура жолдан тайдырады. Кей ер азаматтар жұмыс істемей үйінде жатып, тіршіліктің бар ауыртпалығын әйеліне тапсырып қойған. Осының бәрі ерлі-зайыптылар арасында ұрыс-керіс, жанжал тудырады, ақыры ажырасуға алып келеді. Некенің бұзылуының тағы бір басты себебі – ер азаматтардың некеге адал болмауы. Әйелдер тарапынан да кінә болады. Бірақ соттағы статистика көрсеткендей, мұндай жағдайлар өте сирек. Сондай-ақ жұрттан жасырып екінші әйел алып, бала-шағалы болатын еркектердің де жиілеп кеткенін айтады.



Фото: ашық дереккөз

### 123,6 мың неке тіркелген

Статистикаға сүйенсек, былтыр «АХАТ» органдары елде 123,6 мың неке тіркеген, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,2 пайызға артық. Некелесудің жалпы коэффициенті 6,13-ті құрады. Некелескендердің көпшілігі Астана қаласында, 1000 адамға шаққанда 7,34 неке коэффициенті, сондай-ақ Алматы 6,98 және Ұлытау облыстарында 6,70 байқалған. Некеге тұрудың ең төменгі деңгейі Батыс Қазақстан облысында, 1000 адамға шаққанда – 5,58 неке.

Отбасын құрғандардың ішінде ерлердің 78 пайызы және әйелдердің 79,1 пайызы некеге алғаш рет тұрған, ажырасқаннан кейін қайта үйленген ерлердің үлесі – 20,8 пайыз, тұрмысқа шыққан әйелдер 19,4 пайызды құраған. Қалалық жерлерде 82,1 мың неке, ауылдық жерлерде 41,5 мың неке тіркелген. Алғаш неке құрған ерлердің орташа жасы 27,9 болса, әйелдер үшін – 25,2 жас. Былтыр неке жаз айларында ең көп тіркелген, мәселен, маусымда – 11 675, шілдеде – 13 739, тамызда – 12 936 бірлік. Барлық тіркелген некенің 81,8 пайызы моноэтникалық болса, қалған 18,2 пайызы – этносаралық.

### Былтыр 40,5 мың жұп неке бұзған

Ажырасуға келетін болсақ, өткен жылы олардың саны 40,5 мыңға жетті. Қалалық жерлерде 30,1 мың ажырасу, ауылдық жерлерде 10,4 мың ажырасу тіркелген. Ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 2,01-ді құраған.

Ажырасудың ең жоғары деңгейі ШҚО-да, 1000 адамға шаққанда 3,12 коэффициент, сондай-ақ Қарағанды және Павлодар облыстарында байқалады. Ал ажырасудың ең төменгі деңгейі Түркістан облысында, 0,90 коэффициентті көрсеткен.

Неке ұзақтығы бойынша ажырасулардың ең көп үлесі 1-4 жыл некеде тұрған отбасылар арасында, ажырасулардың 25 пайызы 5 жылдан 9 жылға

дейін бірге тұрғандар арасында, тағы 8 пайызы неке тіркелгеннен кейін бір жыл ішінде ажырасқан.

### Алимент бойынша 12 мыңнан аса іс қаралуда

Алимент төлемеу – тек отбасы алдындағы емес, мемлекет алдындағы да жауапкершілік. Осы жайттарға байланысты алиментті өндіру өзекті мәселеге айналды. Бала алдындағы жауаптылығын ұмытқан ата-ананың өрекеті бүгінде қоғамдық түйтілге ұласты. Ажырасу деректері аздамаған соң алимент бойынша берешегі барлардың саны да кемімей отыр.

Облыстық әділет департаментінің мәліметіне, есепті кезеңде алимент төлемдерін өндіріп алу санаты бойынша 13 177 атқарушылық құжат орындалып, оның 583-ін толық аяқтаған. Қалған 12 571 істің 6 240-ы мерзімді орындау тізімінде болса, ал 4 576 борышкер алимент төлемдерін өз еркімен төлеуде. Жалпы сот орындаушыларының өндірісіндегі атқарушылық құжаттар бойынша барлығы 98 тұлғаға айыппұл салынған.

Сонымен қатар өткен жылы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, «Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрық қабылданған. Оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық құжат бойынша берешекті түлеу және сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу жүзеге асырылады. Осыған дейін азаматтар салынған айыппұлды уақытында өтей алмаған жағдайда 25 пайызын жеке сот орындаушыға төлеуге міндетті болса, енді бұл қызметті робот атқарады.

### 336 ана – «Алтын алқа» иегері

Аудан бойынша халық санының 48 пайызы әйелдер болып табылады. Ауданда 1488 кепбалалы отбасы есепте тұрады. Қазіргі таңда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында

әйелдер қауымының үлесі мол. Мәселен, ауданда мемлекеттік қызметте 127 адам қызмет істейді, соның 32-сі әйел-аналар. Сол сияқты аудандағы үлкен сала білім беру ұйымдарында 2490 мұғалімнің 1864-і әйел-аналар болса, денсаулық сақтау саласында қызмет атқаратын дәрігерлердің 78,5 пайызы нәзікжандар екен.

Мемлекеттік наградамен марапатталған аналар саны – 974. Оның ішінде 336 ана – «Алтын алқа», 574 ана – «Күміс алқа» иегері, 33 ана І және II дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталса, 31 ана – «Батыр ана» атағының иегері.

2016 жылдан бастап ауданда «Жалағаш аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі құрылып, әлеуметтік тапсырыс негізінде отбасылық құндылықтарды насихаттау, гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында белсенді жұмыс жасауда.

Сондай-ақ «Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық конкурсына Жалағаш ауданының Бектаевтар отбасы қатысып, облыстық кезеңде бас жүлде иеленсе, республикалық салтанатта ұлттық конкурстың лауреаты атанды.

Міне ізгілікке жүгінген барлығы аңсайтын, жылылық пен мейірім тунып тұратын қиын-қыстау кезде де әйелі азаматын сыйлайтын, құрметтейтін отбасылар ауданымызда жетерлік.

### Жалағашта ажырасуға 64 арыз түскен

Бұрын қазақ отбасында ажырасу деген ұғым мүлде болмаған. Жастар ауыл ақсақалдары мен үлкендерінің сөзін жерге тастамаған. Олар бұзығын тыйып, ақылын айтып, отбасындағы ұрыс-керісті болдырмай реттеп отырған. Сол себепті ажырасу деген ұғым мүлде болмаған. Неке және отбасы мәселелерін зерттеп жүрген этнограф Аманжол Қалыш ажырасу өткен ғасырдың 40-50 жылдары кең етек жая бастады дейді. Егер 1950 жылдары әрбір жүзінші отбасы ажырасса, 1980 жылдары әрбір төртінші, 1990 жылдары әрбір үшінші отбасы неке бұзған.

Екіншіке орай соңғы уақытта ауданда отбасы мәселелерінің жиі орын алып, соңы ажырасуға әкеліп жатқан жайттар жетерлік. Мәселен, былтыр аудандық сотқа неке бұзу бойынша 64 арыз түскен. Оның 32-сі бойынша шешім шығарылып, 31-і кері қайтарылған. Яғни ажырасуға ниет білдірген отбасының тең жартысы қайта татуласқан. Әрине, мұндай жағдай медиация және отбасы институттарының жүйелі жұмыс істеп, бейімделіп жатқанын көрсетеді.

### 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған

Жалағаш аудандық прокуратурасы алименттік төлемдерді өндіруді қамтамасыз ету үшін жүйелі шараларды тапсырыс негізінде отбасылық құндылықтарды насихаттау, гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында белсенді жұмыс жасауда.

Атап өту керек, алимент төлеуден қасақана жалтарған борышкерлер тек әкімшілік емес, қылмыстық жауапкершілікке де тартылуы мүмкін. Мысалы, былтыр М есімді азамат ҚР ҚК-нің 139-бабы бойынша кінәлі деп танылып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. Биыл жыл басынан бері алимент төлеуден жалтарған 3 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, былтыр 16 тұлға әкімшілік, 1 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Түйін. Жауапты органдар ата-аналарды алимент төлеу міндетін орындауға шақырады. Жалпы қоғамда ұрпақ тағдырына, бала болашағына жауаптылықпен қарау мәдениетін қалыптастыру маңызды. Өйткені адамның санасы өзгермесе, мәжбүрлеу шараларынан соншалықты нәтиже шықпайды. Ең бастысы, әрбір еке мен ана ұрпағы алдындағы өзінің парызын терең ұғынуы керек.

ЖАРЫН

### Акция



## «Таза бейсенбі» — экологиялық мәдениеттің негізі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Апапат» партиясы аудандық филиалы әр апта сайын ұйымдастырылатын «Таза бейсенбі» экологиялық акциясында ерекше белсенділік танытуда.

«Таза бейсенбі» акциясы азаматтарды мәдениет пен қоршағаны ортаны таза ұстауға үндейді, бұл бағытта «Әңірде қолайлы экологиялық жағдайды сақтауға бағытталған ірі жобаларды іске асыру жоспарланған. Сонымен бірге өңір тұрғындарының экологиялық мәдениетін арттыру, қоршаған ортаны таза ұстауды күнделікті өмір салтына айналдыру және ресурстарды үнемді пайдалану мәдениетін дамыту шараларына қоғам болып жұмылу қажет.

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шараға аудандық мәслихаттағы «Апапат» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері, 70-тен астам партия белсендісі, мемлекеттік қызметкерлер қатысты. Партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева «Таза бейсенбі» партиялық жобасы жаңа экологиялық мәдениет пен азаматтардың қоршаған ортаға деген саналы көзқарасын қалыптастыруды көздейтінін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқанын бастай отырып, бұл бір реттік акция емес екенін ерекше атап өтті. Ауданда «Апапат» партиясының мүшелері аталған науқанға алғашқы күннен-ақ белсенді қатысуда. Әр апта сайын аудан аумағында түрлі учаскелерде тазалық жұмысын ұйымдастырамыз. Осы мақсатта ластаған аумақтардың картасы әзірленді. Жалпы экологиялық мәселелерді шешу «Апапат» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған маңызды басымдықтың бірі болып табылады. Өскелең ұрпақ жасыл-желдікте ортада өмір сүріп, таза ауамен демалып, сапалы су ішкенін қаласақ, экологиялық сана мен мәдениетті қазірден қалыптастыруымыз керек. Оны ең алдымен өзімізден бастаған жөн. Сондықтан қоршаған ортаға бейжай қарамайтын барша жалағаштық «Таза бейсенбі» акциясына қосылуға шақырамыз, — деп үндеу жолдады Қ.Мұстафаева.

Акция аясында партия мүшелері «Қиық арық» қаналына тазалау жұмыстарын жүргізіп, су жолдары ашылды. 3 тоннаға жуық қоқыс арнайы қоқыс полигонына жеткізілді. Мұнан бөлек аудан орталығындағы К.Рахимов, Желтоқсан, Сәрке батыр көшелерін тазарту, құраған шөптерді шабу, талдарды өкпеу жұмыстарын жүргізді.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

### Дала даналығы



## Әке берген бата

Ташкентте Фазыл қари көпшілікке танымал кісі екен. Ол кісінің әкесі ақылшыл алжасқан, ақыл-есі дұрыс болмапты. Фазыл қари жұмыстан үйіне келсе, әкесі үнемі «Балам мені үйге апаршы» дейді екен. Өз үйінде болса да солай айта береді екен. Сондай-ақ, әкесінің айтқанын екі етпей, көлігіне отырғызып алып, көшені бір айналыртып келіп, «Әке, өне үйге келдік» деп өз үйіне қайта әкеледі екен.

Әкесі сонда: — Рахмет, балам! Бәрібір өз үйіңе жетпейді ғой, — деп баласына мез болады.

Күнде осылай қайталана береді. Бір күні Фазыл қари бір себептермен жұмысынан шығып қалып, көлігін де сатып жібереді. Әкесі күндегі әдетінен жаңылмай, «Балам, мені үйге апар» дейді.

Машинасынан айырылған баласы бір арбаның үстіне көрпе төсеп, әкесін соған отырғызып, ыңылдап машинаның дауысын салып, ауланы бір айналыртып келіп: — Әке, өне үйге келдік, — дейді.

Әкесі мез болады. Бір күні әкесі «Балам, қолыңды жай, мен бүгін саған жақсылық бата берейін, дұға етейін» дейді.

— Балам, бүкіл әлемнің патшалары сенің арқанда жүрсін, — деп бетін сипап, бата беріпті.

Ал ұлы «Қалай бүкіл әлемнің ел билеушілері менің арқамда жүреді? Мен оқысам, үлкен жұмыс істемесем» деп таңырқапты. «Мейлі, өкпенің ақылы бүтін емес қой» деп күліп, үндемей қоя салады.

Арада біраз жыл өтеді. Баласы Фазыл қари дінге бет бұрып, 1998-2000 жылдары үлкен қари атанады. Сол жылдары Самарқанның бір кесенесі ашылған ба, мешіт соғылған ба, әйтеуір бір үлкен жиын болыпты. Оған барлық көрші Ресей, Қырғыз тағы басқа мұсылман елдерінің президенттері келеді. Сол жиынға Әзбекстанның бұрынғы басшысы Ислам Каримов осы Фазыл қариды шақыртыпты және қарига: — Сіз алға түсіңіз, бізге жол бастаңыз, — деп алдына өткізіп жіберіпті.

Сонда алда келе жатып Фазыл қари ебіл-дебіл жылаған екен. Жанындағылар таң қалып: — Неге жылайсыз? Артыңызда ел билеген патшалар келе жатыр, жыламаңыз, — депті. Фазыл қари сонда әкесінің берген батасын есіне алып және оның қабыл болғанын айтып береді. Ата-ананың батасы қандай қабыл болады. «Баталы ер арымас» деген сөз осы болса керек.



## Қырқынан шығару

Қазақ әуел бастан табиғаттың көреметін, жұмбағын түсінген. Мезгілдердің ерекшелігін, уақыттың күн мен түннің ауысуын, ауа райың алдағы қауіп-қатерді де күні бұрын болжай алған. Әсіресе қазақта қырқы санына қатысты ырым-тайымдар мен ұғымдар көп.

«Қырқынан шығару» деген бала өмірге келгенде жасалатын дәстүр бар. Баланы қырқынан шығарудың өзі жайдан-жай шыққан жоқ. Мұндай салт жасалмаған баланың еті мен сүйегі бірікпегенін білгенін ұстап байқауға болады. Жаңа туған нәрестені шырақ жағып күзетіп, қасынан адам үзілмей бағады. Сәбиді қырқы күн бойы тұзды, сабынды суға алма-кезек шомылдырып отырады. Тұзды суға шомылтып ескен баланың денесі шымыр болады, аурудан қорғайды.

Өскенде жарасы тез жазылады. Ал сабынды су денесіндегі микробтарды тазартады. Маралшөп қосылған су баланың тез ширатуына көмектеседі.

Қырқы күннен аман өткен нәрестені қарақұлақтанды деп қуанып, қырқынан шығару тойын жасайды. Қыз балаларды қырқынан 40 күннен асырып шығарса, ұл баланы 40 күнге жеткізбей де қырқынан шығара береді. Әдетте қырқынан шығаруда қырқы қасық су құйылған ыдысқа күмістей жарық болсын әрі таза, адал болсын деген ниетпен күміс сақина, жүзіктер салынатын болған. Күміс адалдықтың, тазалықтың символы саналған.

Бұл тұрасында қазақтың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова аламыз өз кітабында қырқы санының адам жаратылысымен тікелей байланысын айтып берген. Ол кісі «...Қырқы күн, қырқы саны адам жаратылысымен тікелей байланысы болғандықтан қасиеттейді. Бойға бала бітерде ешеңнен артық-кем жаратпаған Алла Тағаланың құдіретімен бір тамшы суы қырқы күнде қанға айналады, қаннан қырқы күнде етке айналады. Тағы қырқы күнде еттен сүйек пайда болады, одан қырқы күн өткен соң ет пен сүйекке жан бітеді және қырқы күн өткенде жан алған ет пен сүйек адам пішініне өнеді. Содан кейін шақалаққа сезім жүйесінің пайда болуына қырқы күн кетеді. Тағы қырқы күнде бала толысады. Сөйтіп 280 күн – қырқы аптада, анығын айтқанда, тоғыз ай, тоғыз күнде нәресте өмірге келеді. Баланы қырқынан шығару – жоғарыдағы қырқытардың соңғы жалғасы» деп келтіреді.

Мұндағы «қырқынан шығарудың» да баланың жетілуімен байланысы бар. Яғни өмірге келген нәрестеге қырқы күн толғанда еті мен сүйегі бірігеді. Жас сәбиді алғаш рет күміс салынған суға шомылдырғанда «отыз омыртқа» бөлісіп, қырқы қабырға қатысып» дейді. Артыннан сәбиді шомылдырған әйелдер күмісті өзара бөліп алады. Жас сәби дүниеге келгеннен кейін қырқы күн бойы ешкімге көрсетпей, шашын және тырнағын алмау әдеттеріміз де бар.

Дайындаған Айдана НАЗАРБЕКОВА, Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 4-курс студенті

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №547